

ҮЗІНДІ

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-де 2024–2025 жылдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтамадан

Атырау қ.

«08» желтоқсан 2025 ж.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабына, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік әдістемелеріне сәйкес, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-де (бұдан әрі – Серіктестік) Бас директордың 2025 жылғы 30 қазандағы №404-Ө бұйрығының негізінде 2024 жылғы 4-тоқсаннан 2025 жылғы 3-тоқсанға дейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізілді.

Талдау арнайы құрылған жұмыс тобы тарапынан әлеуетті реттеушілік осал тұстарды анықтау, ішкі бизнес-процестерді жетілдіру, сондай-ақ Серіктестікте қолданыстағы ұйымдастырушылық-басқарушылық рәсімдердің тиімділігін бағалау мақсатында жүргізілді.

Талдаудың негізгі қорытындылары:

- Жүргізілген тәуекелдерді сәйкестендіру нәтижелері бойынша Серіктестіктің қызметінде жоғары деңгейдегі қауіп-қатер факторлары анықталған жоқ.
- Мониторинг барысында қызметтің персоналды басқару, сатып алу рәсімдері, сенімділікті қамтамасыз ету, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу, сондай-ақ мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері сияқты негізгі бағыттары қамтылды.

СЖТІТ нәтижелері бойынша Серіктестіктің басшылығы мынадай құжаттарды бекітіп, жұмыс барысында қолдануға қабылдады:

1. СЖТІТ нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі.
3. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша қалыптастырылған анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау.
4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Бекітілген Іс-шаралар жоспарының іске асырылуы және анықталған осал тұстарды жоюды бақылау Серіктестіктің комплаенс-офицерінің тұрақты бақылауында.

Кері байланыс үшін байланыс ақпараты:

«KPI Inc.» ЖШС ашықтық қағидаттарын ұстанатынын және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік танытатынын мәлімдейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша немесе бұзушылықтар анықталған жағдайда Серіктестіктің комплаенс-офицеріне хабарласуыңызды сұраймыз:

- Тел.: +7-7122-31-52-22
- Email: Yerlan.Dossymbekov@kpi.kz